



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

прозасындағы мифологизм. – Астана, 2004.

4. Қаскабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер.- Астана: Аударма, 2002.- 584б.
5. Бөкей О. Шығармалары. Повестер. 3-том. – Алматы: «Ел-шежіре», -2013.
6. Айтматов Ш. Боранды бекет : роман; Құс жолы : хикаят - Астана: Аударма, 2011.- 452 бет.
7. Қазақтың мифтік әңгімелері. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 320бет.
8. Бөкей О. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2003. – 204-бет.
9. Айтматов Ш. Ақ кеме. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2005.-368бет.
10. Кемелбаева А. Тобылғысай. Повесть және әңгімелер. – Астана: Елорда, 2001.- 120бет.

ОӘК 821.512.122.09:94(48).038

САЙЫН МҰРАТБЕКОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫ

Мырза Малика Серікқызы

m.myrzaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің
Филология: қазақ тілі тобының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Л.Серғазы

1. «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян бейнесі –соғыс жылдарындағы балалар өмірінің шындығы.

Өзіндік өрнек пен жаңа соқпақ үлгілері жазушының кез келген туындысында сайрап жатыр. Тіл тазалығы, ой тұнықтығы, өмір құбылысын зерделеп ұғуы, адам жанының нәзік иірімдерін дөп басып, дәл түйсінуі, сөйлем құрылысындағы жинақылық пен ой оралымдылығы оқырманды баурап алып, өз тұңғығына жетелеп әкететін қасиеті жазушы шеберлігін танытса керек. Сайын Мұратбеков әңгімелерінде өмір жатыр, өмірдің қатпар-қатпар қойнаулары жатыр, сол өмір қозғалысындағы адам тағдырлары жатыр. Адам тағдырлары арқылы уақыт бедерін сезінесің, заман ағымын көресің.

Айталық, бүгінде орта буын санатын енген, әдебиетімізге елуінші жылдардың соңын ала, алпысыншы жылдардың бас кезінде имене енген ақын-жазушылардың біразы Ұлы Отан соғысының тауқыметін бастан өткеріп өскендер екен. Жазушы Сайын Мұратбеков те бар балалық балауса кезі – бұла шағы Ұлы Отан соғысының отты жылдарына тап келіп, тар кезеңдегі тағдырдың татымсыз талқанын ерте татқан буынның өкілі. Ол, атап айтқанда, отызыншы-қырқыншы жылдардың рухани атмосферасына тән материалдық жұтандыққа жүйкесін жұқартпай, қайта керісінше, моральдық байлықты мұрат тұтқан, тазалықты, адалдықты, темірдей тәртіпті, коллектившілдікті, қоғамдық мүддені ту етіп ұстаған, социалистік қоғамның жарқын болашағына деген зор сеніммен, асқақ идеямен күн кешкен аға ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін алғанын қашан да мақтаныш етуге тиіс деп ойлаймыз.

«Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрөте жүгіретін, шілбиген арық, ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, есі қалмай далбақтай жүгіріп келе жатқан. Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», - деген жалынышты үнін естимін» - деп басталатын «Жусан иісі» әңгімесінде лирикалық интонация қаншалық мол болса, тұрмыс тауқыметіне қатысты сынау сарыны да үстем. Өлшеусіз қасірет әкелген соғыс топанына лағнет айту – негізгі идеялық лейтмотив болғанымен, жекелеген әлсіз, панасыз жандардың жазықсыз жәбір-жана көруіне себепкер ниеті бұзық адамдар да соншалық дәрежеде үнсіз айыпталады. Әкеден де, анадан да, әжеден де кінәсіз айырылған сәби Аянға деген тағдырдың қаталдығы шексіз. Кішкене Аяның өмір соққыларына қайыспай қарсы тұрғысы келетін тәкаппар қайсарлығы сүйінішті.

Ал қолдаушысы да, мүсіркеуші, жарылқаушысы да жоқ жетім баланың жағдайында бұл жүрек сыздатар күйінішті хал. Тұржанның дүлей соққысына ұшырағанда, өгізден жығылып, мертігіп жатқанда баланың бар әлемдегі жалғыз – үміті әке көзі іспетті киімге сіңген жусан исіне көкейіндегі кекті сырын мұң ғып шағатын сәттері даралық қырымен сипатталатын типтік көрініс. Аянның қабілетіне, әңгімешелік өнеріне таңдай қаға тамсанып, қайғысына мейірімді жүрегімен шын езілетін досы – лирикалық кейіпкердің түрлі деңгейдегі жан тыныс реакциялары шығармадағы қайшылықты, суық суреттерді гуманистік пафос қызуымен әдемі көмкеріп отырады. «Біз, балалар, Аянды көп уақытқа дейін еске алып, сөз қылушы едік. Кейде кешкілік бір жерге жиналып ап, ала қыстай Аян айтқан ертегілердің есте қалғандарын қайталай айтып та жүрдік. Аянның ертегілерінің көңілімізге ұялағаны сонша, кейін ержеткен көздерімізді өзімізден кіші балаларды тамсандыра отырып айтатынбыз. Тіпті, күні бүгінге дейін, сонан бері талай ондаған жылдар өтсе де, кей күні түнде далаға шыға қалсам, қараңғыда бөрікше шошайған Ешкіөлмес шоқысы – астында жалғыз көзді дәу ұйықтап жатқандай, соның қорқыраған демінен теңселіп тұрғандай көрінеді. Сол дәумен алыстатын жетім бала қайда екен? – деймін сол сәт. Жазғы салым жусанды төбе жақтан қоңыр салқын самал еседі. Ашқылтым иіс аңқиды. Жусанның иісі. Сондайда есіме тағы да Аян түседі.

Шынында да бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой». Шығарманың басталуы мен осылайша аяқталуы арасындағы сан қилы оқиға, шегіністерді тұтастырып, баяндауға ортақ идеялық – этикалық бағаналы нысана. Жалпы композициялық бірлікке қоса, медитативтік күйлердегі ұқсас сарын, жүрек уілі, толғаныс «жиілігі» жоғарыдағы шексіз адамгершілік рухымен қабаттас дамиды. [2;174]

Жазушы нақты моральдық шындықтарды көркем кестелеуде образдар табиғатынан өрістейтін концептуальдық тұжырымдарға ден қойса, мазмұндық-эстетикалық пайымдаулардың мол астарлы сырын айшықтауда эмфатикалық қызығушылықтарға еліктемегенмен, қарапайым сөздердің семантикалық-стилистикалық түрлі реңктеріне едәуір көңіл бөледі. Әйтсе де, С.Мұратбеков тіліндегі теңеулер тым бастырмалата қолданылмай, орнымен, сарабал пайдаланылуы, метафоралық сөйлем құрылымдары сирек ұшырасуы автордың негізінен ой динамикасына назар аударуы мен эмоциялық эффектілердің ішкі мүмкіндіктерін ықшам фразалардағы салмақты шынайылықтар арқылы көрсету шеберлігін аңдатады.

Жоғарыдағы үзіндіде айқындауыш мүшелер, әр қилы үстеу, есім, қыстырма сөздер, атау сөйлем, сұрау, леп белгілері сан алуан сезім-күй құбылыстарын сипаттайды. Қалыптағы біртектес баяндаудан өзгеше бұрылыстардың бәрі дерлік лирикалық қаһарманның Аянға махаббатын бейнелеуге, ол достық, адамгершілік сүйіспеншілік Аянның ең ерекше қасиеті - өзі қиялдап шығаратын ертегілерін дәріптеуге қызмет етеді. Кейіпкердің жас серігін мақтай түсетін лебізі стилистикалық градация арқылы өрістей береді. Аз ғана пассажда мол уақыт өлшем қамтылған. Әр түрлі әрекет, әсер көріністеріне логикалық жалғастық тудырушы – ой-толғаныс объектісінің бір Аян төңірегінде тұйықталды.

Баяндаушы – қаһарман, яғни әңгіме барысы бойынша – туған ауылынан көп ұзап шықпаған, кіндік кескен жерінде тамыр жайған азамат шерткен хикаядан адамға тән психофизиологиялық қасиеттер – зерде, интуиция көріністері мен экстериоризация, интериоризация процестердің нанымды табиғаты біршама байқалады. Адам дүниетанымының басты қабаттары балалық күндердегі өмір суреттері мен танымдық түйсік-түсініктер тұрғысынан қалыптасатыны, жекелеген тіршілік эпизодтарының мәңгі жадыда сақталуы, көз көрген фактілердің кейін жаңаша көңіл назарымен қорытылуы, белгілі бір сезім қызуының барынша тұрақтылығы сияқты күрделі интеллектуалдық сәттер сенімді суреттелген.

Кейіпкер Аянға деген бүкіл ауыл балаларының ыстық ықыласын бірдей айта келіп, жеке өзіне ғана мәлім сырға көшеді. Ол Аянды аңсай тұрып, қоңторғай заманда қысылып өте шыққан бұлыңғыр балалық шағын сағынатын сияқты. Аян – сол сағыныштың символы. Аян

бейнесіндегі мұң мен оптимизм әуендері финалдықаккордтағы лиризмнің мағыналық – эстетикалық арқауын тартады. Әр қилы сауал қойып, оған жауап іздеу тәсілімен Аян тағдырын болжау сәтіндегі үміт пен күмән, сенім интонациясы бәрібір беймәлімдікті бейнелегенмен, соңғы сөйлем туған ел, өскен ортаға, ащы-тұщылы кешкен өмірге байланысты жалқыдан туатын жалпы шындықты авторлық санамен астас философиялық айқын түйінде жеткізеді. Ол Отанға, өскен ортаға махаббат пен ізгілік, мархабат жеңісінің ақиқаттығы. [2;175]

2. «Күзгі бұралаң жолдағы» өмір шырғалаңы.

Тақырыбынан-ақ сезілетіндей жазушының бір туындысында сол бір қатыгез мезгілде жесірлік тауқыметін көтере алмаған Бибінің қателігі бүгінде ер жетіп, «әкесінің» соғыста өлгеніне сенгісі келетін, бейкүнә Қанатай арқылы жеңілдей түссе де, бозбаланың әр жерде жазықсыз жәбірленуіне байланысты ана қысылысы мен мұңына себептің басты саяси-әлеуметтік тамырына меңзеу Сайын Мұратбеков стиліне сай тұйық лиризммен суреттеледі.

Әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Әңгіме кейіпкерлері – Қанатай, Гришка, Қанатайдың шешесі Бибі, Шынтемір. Қанатай – жұқалтаң, ақ сұр өңді бала. Гришка – отыздан енді асқан, дорба ауыздау сары жігіт. Қазақшаға судай. [1;392]

Қанатай Гришканың білегіндегі неше түрлі жазулар мен суреттерді көріп, танданып, оның бәрін қай уақытта салғандығын сұрағанда, Гришка оған, мұның еш қиындығы жоқ екендігін, керек етсең, белігіне туған жылын, аты-жөнін жазып беретіндігін де айтады. Сөйтіп, Қанатай жеңін түрініп, білегін созады. Гришка Қанатайдан «әкең бұған ұрысып жүрмей ме?» - деп сұрағанында, Қанатай оған әкесінің жоқ екендігін айтады. Сәлден уақыттан кейін әкесінің аты кім екендігін сұрайды. Қанатай әкесінің аты Жансұлтан екендігін және оның соғыста қайтыс болғандығын айтқаннан кейін Гришка ойланып қалады

Гришка, Қанатай, Қанатайдың шешесі Бибітанертең диірменге ұн тартуға келеді. Бибі диірменнің ішінде тартылған ұнды шетінен қаптап отыр. Гришка, Қанатай болса, басқа істейтін ештеңе жоқ болған соң сыртқа шығып отырғанда, «шақ-шұқ» етіп тағалы аттың жүрісі естіліп, шоқ талдардың арасынан арбалы біреу келе жатады. Сәлден кейін арбалы диірменнің алдына кеп тоқтап, Гришканы шақырады, ұнның дайын болған-болмағанын сұрағанда, Гришка бұл келген кісі өзінің жекжаты Шынтемір екенін айтады. Дәл осы кезде диірмен ішінен шыға келген Бибіні көргенде Шынтемір аңырайып қалады. Шарасынан шығып, қызарған көзін Бибіден айырап емес. Үсті-басы ұн-ұн болған, ақ сұр өңді Бибі аппақ, ірі тістерін көрсетіп езу тартады. Шынтемірдің бір аяғы ағаш екен, ақсаңдай, сықырлата басып, диірменге кіреді. Бибі екеуі қол аласып көрісіп, амандық-саулық сұрасып жатады. Бибі жалғыз еместігін, қасында Қанатай барын айтқанда, Шынтемір кілт бұрылып Қанатайға қарап:

« - Азамат болыпты-ау, азамат болыпты-ау...- деп күмбірледі. Өңінде қуаныш пен күйініштің белгісі бар еді.» [1;395]

Ал, Қанатай болса, ойында ештеңе жоқ, Гришкаға Шынтемірді бұрын-соңды көрген адам еместігін айтты. Осы кезде Гришканың үйінен Бибі мен Шынтемір шығып келе жатады. Бибі ұзын бойлы биік кеудесін тік ұстайды. Жаулығын шалқайтатартып алғанын көргенде, оның қырықтан асқан деп айта алмайсың. Гришка болса Шынтемірді бұрыннан білетін адам. Шынтемір бірде ішіп отырып, өзінің бір ауыр өкініші туралы Гришкаға жылап айтқан. Соғыстан жаралы боп оралған Шынтемір колхозда председатель болып істеген көрінеді. Сол кезде күйеуі соғыста хабар-ошарсыз кеткен жесір келіншек – Бибі сол колхозда бригадир болып істеген. Өзі сұлуболыпты. Сөйтіп, Шынтемір мен Бибі арасы жақындай түсіп, бұл екеуінің хикаясы басталыпты. Мұны Шынтемірдің әйелі сезіп қойып, шатақ салады. Шынтемірдің алты баласы бар екен. Ақыры соңында ауданнан сөгіс алып, басқа жұмысқа ауысады. Сөйтіп, бұл екеуінің хикаясы тәмам болады. Бибі босанып, Қанатайды табады. Кейін Шынтемір өз аулына көшіп келмек болғанда, әйелі көнбепті. Осылайша Шынтемір мен Бибінің ара-қатынасы үзіледі. Содан көп уақыт өткеннен кейін барып, Шынтемір Бибіні диірменде баласы Қанатаймен бірге көріп аң-таң болып қалады. Анасы мен Шынтемірдің сөйлескенін жақтырмаған Қанатай оны «ақсақ», «мылжың» деп кекете сөйлейді. Шынтемір

мен Бибіекеуі бір арбадасайдыкеулеп келген ұзақ жолмен ұзақ уақыт әңгімелесіп-шүйіркелесіп келе жатты. Бұлардың арттарында осы жолмен Қанатай да келе жатты арбамен. Сәл уақыттан кейін Бибі баласы Қанатайдың арбасына отырады. Қанатай Шынтемірдің арбасын алға өткізеді. Біраздан соң екі арба екі айырық жолмен жүріп кетеді. Күзгі қара жолдың шаңы аспанға шығып, бұрқ-бұрқ етіп жатыр. Арба үстінде келе жатып, ұйқыдан ояңған баласына әкесінің Жансұлтан емес, мына Шынтемір екендігін айтқанда, Қанатай әкесінің соғыста өлгендігін айтып, өкіріп жылап жібереді.

Міне, жазушы Сайын Мұратбеков бұл әңгімесінде жесірліктің тауқыметін көтере алмай, осындай жағдайға душар болған Бибіні шынайы кейпінде зор шеберлікпен көрсете білген, кейіпкерлер психологиясын тани түскен. Сайын Мұратбеков оқырман ықыласын шығармада баяндалар хикаяларға шек келтіртпес нанымдылық арқылы өзін ұнамды идеал ыңғайымен мүсінделетін кейіпкерлердің ұғым-түсігімен бір санауы, адамгершілік игілікке нұқсан тигізе қоймайтындай кейбір елсіреу істерге кешірімділігі көптеген жеке тұлғалық ерекшеліктерді ұтымды аңғартып, дәлелдей білуі арқылы жаулайды.

3. «Жеңеше» әңгімесіндегі Қамар бейнесі – жиынтық бейне.

Сайын Мұратбековтың Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармалары мол. Жазушы шығармаларының көпшілігінде авторлық экспрессиялар тым жарқырамай, көмескі күйінде тұрап-ақ жүрекжарды сырлардың әсер-толқынын «шешен» сөйлейте алатынына куә боламыз. Айтылмыш қасиет «Жеңеше» әңгімесінде біраз тың сапаға көшеді. Лирикалық кейіпкер – Шойқара, майданда хабарсыз кеткен жарын жиырма жылдан аса сарғая тосқан ішкі сағынышын ерінің тозған суретімен оңаша бетпе-бет тілдесу арқылы басып, запыран зарын әдейі қалап алған түнгі күзеттежүріп салатын шерлі әуен арқылы атқаратын Қамарға аянышы мен ыстық ықыласын, тілектес көңілін көрсетуде едәуір белсенді сипат танытады. Баяндаушылық орайда бұл позиция айқын формалық өрнек алады. Бірінші жақтық тұлға әдетте сирек қолданылатын екінші жақтық суреттеумен алмасып келіп отырады. Мысалы: «Айналайын, Қамар жеңгей, қызықсың ғой сен. Осы сұрақты шынымен-ақ ойланып қойып отырсың ба маған? Әлде буынсыз жерден пышақ ұрып мені қинағың келе ме? Несін жасырайын, жақсы ағам менің есімде жоқ. Тіпті қандай екенін көз алдыма келтіре де алмаймын. Көрмеген адамымды қалай елестетейін. Бірақ бұл үшін мен кінәлі емеспін ғой. Туғаннан ес білмегенім үшін сәбилігім кінәлі ғой. Екі жастағысын кім есіне сақтады екен?! «Менің күйеуім сені жақсы көруші еді. Сен осы «Жақсы аға» дейтінсің. Кешкісін жатарда сен екеуіміздің ортамызға кіріп, тыпырлап жатып: «Жақсы ағам менікі» деп күйеуімді құшақтап, мені төсектен қуушы едің... Мен осы шындықты айтып сенің көңіліңе титтей де кірбің салғым келмейді. Мейлі, бұрыс болса да шынымды ішке бүгіп, өтірік айтуға мәжбүрмін. «Бәрі есімде, жеңеше, тап бүгінгідей бәрі де көз алдыма, жақсы ағамды да ұмытқан жоқпын» деймін. Мүмкін, бұл өтірігімді өзің де сезетін шығарсың. Сонда да ішіңнен менің дәл осылай айтуымды тілеп тұрасың ғой. Өзің ұмытпайтын жанды басқа да ұмытпаса екен дейсің ғой...» [1;378] деген сияқты үзінділер Шойқараның жеңге мұнына қатты езілген шақтарында жинақталған ішкі сөздер ағымы боп жалғаса түседі. Қамар үшін ең ауыр да тәтті жылдар – соғыс кезіндегі жайттар шопан жігіттің балалық дәуіріндегі көкірек керер еміс-еміс елестерімен, жоғарыда айтылған формада, шегініс жасай баяндалады.

Қамар бойындағы ерекше қасиет – махаббат асқақтығы, сезім баяндылығы лирикалық кейіпкер санасында адалдық идеалы ретінде тұжырымдалса, сол қарапайым жанның көпке белгісіз кішігірім ерлігіне таңырқау, табыну, соғыс құрбандықтарының бірі болған бейбаққа жанашырлық пен ізгілік тілеу эмоциялары гуманистік рухта тәрбиеленген Шойқара образының ұнамды қырларын нанымды көрсеткен. «Қамар жеңгей болса еш уақыт бір ауыз артық сөз сөйлемейді. Салиха шешейдің айтуымен үй шаруасын үн-түнсіз істейді. Шайды да ең соңына дейін рақаттана, терлеп отырып ішеді. Қарт пен кемпірі арасындағы қақтығыс кезінде, теріс қараған күйде сықылық қағып, көзінен жас аққанша күледі. Қақаған суықтарда үсік шалып, соның салдарынан бір қабат терісі сыпырылып қатпарланып қалған қоңыр күрең жүзін қалың түк басқан. Жайшылықта төңіректегі тіршіліктен бөлініп, жан түкпіріндегі қиялға шомып, өзімен-өзі боп бейғам отырады. Тек осындай бір күлген кездерінде ғана

мұңға толы қоңыр көзі бір сәтке болса да ұшқын шаша жадырайтын. Шайдан соң жеңгей ыдыс-аяқтарды жуып-сүртіп, дастарханды жинайды да жылы киініп алып қой күзетуге шығады». [1;376]. «Құмның табиғатын білмейтіндер: қар жұқа түседі, ауа райы жұмсақ болар деп ойлайды. Тіптен олай емес. Рас, таулы жерлердей мұнда боран соқпайды. Құм үстіндегі ауа бірқалыпты тымырсық тұрады. Көбіне зілдей ауыр соқыр тұман басып, төңіректе құлаққа ұрғандай тыныштық орнайды. Ал түнгі суығы буыннан ұрып, сай-сүйекті сырқыратады. Аяққұмның суығы-ай, дегенде зар еңіремейтін күзетші кемде-кем-ақ. Аяққұмның түнінен безердей болған адамның бірі Қамар жеңгей шығар...» [1;377] – деген тәрізді тұстарда баяндаушылық ракурстардың әр қалыпқа көшуге бейімдік көрсетуі шығармадағы лиризм нақыштарына экспрессивті-стилистикалық ұшқын қосатындай.

Осы әңгімесіндегі Қамар – біздің заманның «қаралы сұлулары». Өмір өксігі өзегін талдырған Қамар бойында адамдықтың алапат қуаты жатыр. Жазушы шеберлігі «кебенек киген келеді» деп жұбаныш іздеп, қасірет қамауында ғұмыр кешкен осынау қаралы жанның тұрлаусыз тағдыр алдындағы берік бейнесін марқұм Смағұл шал, Мақсұт қарт, Салиха шешейлердің іс-әрекеттері арқылы түйіндейді. Ел басына күн туған ереулі кезде ауыл советбасқарған Смағұл марқұм да, аңқылдаған ақкөңіл Мақсұт қарт та, бірде көлдей, бірде шөлдей Салиха шешей де Қамарға күйеуінің қазасын естіртеуге тәуекел ете алмайды. Олардың орнында сіз де сөйтер едіңіз. Жазушы характер қасиетін танытар қимыл-әрекет, сезім иірімдерімен психологиялық сәттер арқылы осыған сендіреді. Әңгімеде шындық шеңберінен шашау шығып тұрған бірде-бір деталь жоқ, өзімізге көптен таныс, қарапайым қазақы жандардың тіршілік кешуі. [1;6]

Қорыта айтқанда, балалық шағы соғыс жылдарының ауыр күндеріне тап келген Сайын Мұратбеков көңіл таразысынан өткізген, алыста қалған бала шағының жүрек сыздатар мұңды елесін жадында қайта жаңғыртып, көркем туынды етуі – оның творчествосындағы басты тақырыптардың бірі. Бүгінгі қазақ прозасының көшбастаушыларының бірі, уақыт мінезімен, замана танысымен, өзі туған сайын дала, асқар тауларымен азаматтық үндестік таба білген кемел суреткер, ұлттық психология мен тарихи болмыстың ең нәзік, ең терең, ең күрделі қасиеттерін исі адамзатқа тән қадір-қасиеттермен үндестіріп айта білген.

Қолданылған әдебиет

1. С.Мұратбеков. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1991. Т.1: Повестер, әңгімелер. – 464-бет.
2. Б.Майтанов. Қаһарманның рухани әлемі: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 бет.

ОӘК 821.514

ТУЫНДЫНЫҢ КӨРКЕМДІК БОЛМЫСЫ (С.Шаймерденовтің «Ит ашуы»)

Орынжай Көркем

Botakan_12.08@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова

Көркем шығарма - автордың ішкі ойы мен тұжырымын, түйсігі мен сезім – толғаныстарын идеялық – көркемдік тұрғыдан танытатын, стильдік шеберлігін айқындайтын туынды. Ал, қаһарман – автордың идеялық мұрат – мақсатын шығарма мазмұнында жүзеге асырушы және сол жолда тынымсыз әрекет етуші көркем тұлға [1.96]. Қаһарман бүкіл көркем шығарманың көркемдік, адамгершілік, тәрбиелік мән – мазмұнын танытушы рөлін атқара келіп, оның ең басты ерекшелігі – *авторлық идеяны жеткізушілігі* болып табылады. «Қаһарман оқиғаларды өткізетін стержень емес, тип те, характер де, маска да емес, ол –